8D02303 - Филология ББ бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Абдуллина Анар Бораковнаның «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы қаламгерлер шығармашылығы жаңа ағымдар мен бағыттарды молынан қамтып, дәстүр мен жаңашылдықты қатар ұстанған кемел тенденцияға бейімделген. Осы бағытта докторант Абдуллина Анар Бораковнаның «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» тақырыбындағы ұсынылып отырған диссертациялық жұмысы қазіргі қазақ прозасындағы мифологиялық поэтиканың көркемдік табиғатын анықтауға және Айгүл Кемелбаева шығармашылығындағы мифологиялық, неомифологиялық, шежірелік және ұлттық-рухани негіздерді кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеу жұмысы мазмұндық тұтастығымен, теориялық-әдістемелік жүйелілігімен және әдеби-ғылыми талдау тәсілдерінің орынды қолданылуымен ерекшеленеді.

Диссертацияның бірінші тарауы «Қазіргі қазақ прозасы және А.Кемелбаева шығармашылығындағы мифология» – төрт бөлімнен тұрады. Бұл тарауда қазақ прозасындағы мифологизмнің эволюциялық даму кезеңдері, модернистік және постмодернистік бағыттардағы мифтік модельдердің көркемдік қызметі кезең-кезеңімен жүйеленген. Автор әлемдік мифология, фольклортану және әдебиет теориясы контекстінде ұлттық әдебиеттегі мифологизм бағытын ғылыми тұрғыда дәл талдайды.

А.Кемелбаева шығармаларындағы неомифология мен неомистиканың арналған бөлімде жазушының авторлық миф жасаудағы қолтаңбасы, символикалық әлемді құру тәсілдері, мистикалық-фәлсафалық қабаттары терең ашылған. Жұмыстың ғылыми жаңалықтың бірі – неомифология мен неомистика ұғымдарының ара-жігі ажыратылып, қазақ прозасына тән «қорқынышты әңгіме» сарынының теориялық түсіндірмесінің берілуі. Бұл бағыт ұлттық әдебиеттануда алғаш рет жүйелі түрде қарастырылған.

Архетип және символ мәселелерін талдау барысында Юнг, Фрейзер, Элиаде еңбектеріне сүйене отырып, «ана», «ер», «сәби», «көлеңке», «жол», «құт», «түптек», «қасиетті кеністік» тәрізді архетиптердің А.Кемелбаева прозасында алатын орны айқындалған. Авторлық «құс» архетипінің (әсіресе «Қоңырқаз», «Ағаш үй» шығармаларында) жаңа мағынада жаңғыруы да ғылыми дәлдікпен көрсетілген.

«А.Кемелбаева шығармашылығындағы шежірелік дәстүр» бөлімі диссертацияның маңызды жаңалықтарының бірі болып табылады. Мұнда шежірелік проза ұғымы анықталып, рулық жады, этникалық тамыр, тарихи жад мәселелерінің көркемдік қызметі сараланған. Жазушының шежірелік прозасына тән үлгілерін Г.Маркес, Э.Шафақ шығармаларымен салыстыру кросс-мәдени тәсіл тұрғысынан сәтті жүргізілген.

Тарау қорытындысында қазіргі қазақ прозасындағы мифтік модельдердің типологиясы ұсынылып, А.Кемелбаева шығармашылығының мифопоэтикалық арқауы жүйеленген.

Диссертацияның екінші тарауы «А.Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және кейіпкерлер жүйесі» – автордың ғылыми ізденісінің кеңдігі мен теориялық дайындығын айқын көрсетеді. Бұл тарауда жазушы шығармаларындағы ұлттық кодтың көрінісі фольклорлық мотивтер, ұлттық символика және құндылықтар жүйесі бойынша үш деңгейде талданған. Ұлттық мәдени модельдердің кейіпкерлер психологиясына әсері, этнопсихологиялық факторлар, ұлттық ойлау жүйесінің көркем көріністері жан-жақты ашылған.

Автор постмодернизммен қатар постпостмодернизм, метамодернизм, глокализация, мәтін деконструкциясы сияқты қазіргі әдебиеттанудың жаңа ұғымдарын қазақ прозасын зерделеуде тиімді қолданған. Бұл зерттеудің теориялық тұрғыдан терең әрі заманауи екенін көрсетеді.

«Әуе шарларына қонған көбелек», «Майя», «Жетінші құрлыққа саяхат», «Әулиебұлақ» секілді повестер жан-жақты талданып, кейіпкерлердің психологиялық құрылымы, рухани ізденісі, ұлттық болмыс пен мәдени жады байланысы ғылыми тұрғыда негізделген. «Майя» повесінің Т.Әбдік пен Ә.Жақсылық шығармаларымен салыстырмалы түрде талдануы – жұмыстың тағы бір назар аударарлық жетістігі.

А.Кемелбаеваның «Мұнара» романы арнайы қарастырылып, оның метамодернистік сипаты, мифтік кеңістігі, анималистік және эко-сын бағытындағы ерекшеліктері жүйелі түрде талданған. Бұл бөлім диссертацияның ғылыми құндылығын арттырып тұр.

Зерттеу жұмысы мазмұны жағынан толық, ғылыми аппараты мейлінше сауатты, қазақ прозасындағы мифологиялық поэтика мен ұлттық код мәселелерін теориялық және көркемдік деңгейде жан-жақты ашып көрсетеді. А.Кемелбаева шығармашылығын ұлттық және әдеби-теориялық контекстте кешенді түрде талдауы – жұмыстың ғылыми жаңалығы мен өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеу барысында алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптарға сай. Тараулар арасында құрылымдық және логикалық байланыс сақталған. Диссертант ғылыми жұмыста қойылған мақсат мен міндеттерін толықтай орындаған және жұмыстың нәтижелерінің ғылыми теориялық, практикалық маңызы жоғары.

Абдуллина Анар Борановнаның «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» атты зерттеу еңбегі 8D02303 – «Филология» ББ бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
Alikhan Bokeikhan University ББМ
филология кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты Ш.А.Доскеева

ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС БӨЛІМІ

КАДР БӨЛІМІ
202__ Ж.Л.

инспектор ОПРП